

«Үздік класс жетекші - 2024» класс жетекшілер байқауы

Ұрпақтың рухани байлығына, мәдениетіне, сапалы ұрпақтың, ұлттың ойлау қабілетіне, біліміне, іскерлігіне ұстаздардың арқасында жетеміз. Бұл ретте мектепшілік шаралардың өтуіне, ата-анамен тығыз байланыс орнатуда класс жетекшісінің үлесі зор. Класс жетекшісінің міндеттерінің көлемі өте ауқымды, әрі қуаныш пен жеңістен гөрі, қобалжу мен қиындықтарға толы. дегенменде білім алушылармен жұмыс жасау барысында бір кластың жұмысын басқара отырып, оларды ұйымшылдыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа, көшбасшылыққа баулуда одан қызық, одан жемісті жұмыс жоқ деуге болады. Класс жетекшілерді мадақтау, тәжірибесін бөлісу мақсатында 15 мамыр 2024 жылы мектепшілік «Үздік класс жетекші - 2024» байқауы өтті. Байқау 2 кезеңнен тұрды.

1 кезең: класс жетекші партфолиосы

2 кезең: 3 шарттан тұрды.

1 кезең бойынша барлық жетекшінің партфолиосы толықтырылған, жаңартылған, жыл бойына жасаған жұмыстары көрсетілген. 2 кезең бойынша класс жетекшілеріміз «Мен және менің класым» таныстыру, панорамалық сабақ көрсету және жағдаяттарға ұтымды, дұрыс жауап беру шарттарынан өтті. Байқауға 13 класс жетекші қатысып, нәтижесінде :

1 орын 10 класс жетекшісі Суханова А

2 орын 4 а класс жетекшісі Баймурзаева Т

3 орын 3 а класс жетекшісі Омарпатшаева А

Байқауда ең жоғарғы жетістікпен «Үздік класс жетекші – 2024» атағын 8 ә класс жетекшісі Танатарова А иеленді.

